

АЛЕМ & QAZAQSTAN

БІРІККЕН АРАБ ӘМІРЛІКТЕРІНІҢ
ҚАРҚЫНДЫ ДАМУЫНЫҢ СЫРЫ НЕДЕ?
3-бет

ҚОҒАМ

ЕЛГЕ ЕЛ
ҚОСЫЛСА – ҚҰТ

5-бет

TANYM

ЕЖЕЛГІ МЕДИЦИНА:
ӨРКЕНИЕТТЕР ІЗІНДЕГІ ӨРІС

9-бет

DIDAR

BALÝAN SHOLAQ
EKRANǴA SHYQTY

12-бет



Ішкі саясатқа қатысты өзекті мәселелер талқыланды

Қасым-Жомарт Тоқаев Парламент Сенатының Төрағасы Дариға Назарбаеваны, Премьер-Министр Асқар Маминді, Конституциялық Кеңес Төрағасы Қайрат Мәмиді, Парламент Мәжілісі Төрағасының орынбасары Владимир Божконы қабылдады.

Кездесу барысында Қазақстан Республикасының ішкі саясатына қатысты өзекті мәселелер талқыланды, деп хабарлады Қазақстан Республикасы Президентінің баспасөз қызметі.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЗАҢЫ

Қазақстан Республикасы мен Вьетнам Социалистік Республикасы арасындағы қылмыстық істер бойынша өзара құқықтық көмек туралы шартты ратификациялау туралы

2017 жылғы 15 маусымда Ханойда жасалған Қазақстан Республикасы мен Вьетнам Социалистік Республикасы арасындағы қылмыстық істер бойынша өзара құқықтық көмек туралы шарт ратификациялансын.

Қазақстан Республикасының Президенті
Қ.ТОҚАЕВ

Қазақстан сындарлы ынтымақтастыққа адал



Суреттер Президенттің баспасөз қызметінен алынды

Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымының төрағасы Мирослав Лайчакпен кездесті, деп хабарлады Президенттің баспасөз қызметі.

Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстанның сыртқы саясатының бейбітшілдік сипатын атап өтіп, еліміздің халықаралық ұйымдармен арадағы сындарлы ынтымақтастыққа адал екенін айтты.

– Сіздің Словакияның Сыртқы істер министрі әрі Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымының қазіргі төрағасы ретінде Нұр-Сұлтан қаласына келгеніңізге қуаныштымын,

– деді Мемлекет басшысы.

Халықаралық ұйым жетекшісі ЕҚЫҰ-ның мақсаты қақтығыстардың алдын алу, қауіпсіздікті қамтамасыз ету, жан-жақты тиімді ынтымақтастық орнату екенін атап өтті, сондай-ақ Қазақстанның халықаралық дағдарыстарды реттеудегі стратегиялық рөліне ерекше тоқталды.

– Мені және делегациямызды қабылдауға уақыт тапқаныңыз

үшін Сізге алғыс айтамын. Мүмкіндікті пайдалана отырып, Президент лауазымына кірісуіңізбен құттықтаймын, сондай-ақ Сізге және еліңізге зор табыс тілеймін. Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымының төрағасы ретінде Қазақстанға келгеніме қуаныштымын, – деді Мирослав Лайчак.

Кездесу аясында тараптар күн тәртібіндегі өңірлік және халықаралық өзекті мәселелерді талқылап, Қазақстан Республикасының Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымымен ықпалдастығының перспективаларына тоқталды.

ТАҒАЙЫНДАУ

Мемлекет басшысының Өкімімен Бауыржан Жұмаханұлы Омаров Қазақстан Республикасы Президентінің кеңесшісі қызметіне тағайындалды.